

Шектеу іс-шараларын тоқтату және Май ауданы Ақшимаң ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 қаңтардағы "Май ауданы Ақшимаң селолық округінде орналасқан "Агро-Даму" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 2 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Май ауданы Ақшимаң ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 13 қыркүйектегі № 5 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 17 қыркүйекте № 6063 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабы 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Май ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2018 жылғы 14 маусымдағы № 1-14/381 ұсынысы негізінде, Ақшимаң ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Май ауданы Ақшимаң ауылдық округінде орналасқан "Агро-Даму" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің аумағында жылқы сақауы ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық-санитарлық іс-шараларды жүргізумен байланысты, белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Май ауданы Ақшимаң ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 қаңтардағы "Май ауданы Ақшимаң селолық округінде орналасқан "Агро-Даму" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 2 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5848 болып тіркелген, аудандық "Шамшырақ" газетінде 2018 жылғы 17 ақпанда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақшимаң ауылдық

округі әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылық министрлігі

ветеринарлық бақылау және қадағалау

Комитетінің Май аудандық

аумақтық инспекциясы"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

2018 жылғы "13" қыркүйек

Қ. Бақауов

Н. Жумабаев

"КЕЛІСІЛДІ"

"Май ауданының

ветеринария бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

2018 жылғы "13" қыркүйек

Е. Ахметов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК